

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Сын есім 3 сынып

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.10.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/83816/>

| | | | |
|--------------------------------------|---|---------------------------------|--|
| Сабақтың тақырыбы: | Сынып заттары. Сан есім | | |
| Жалпы мақсаты | Модуль бойынша оқушылардың сөздік қорын қалыптастыру. Оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым әрекеттерін жүйелі түрде қолдау, тілдесім әрекетіне жетелеу. Сыни тұрғыдан ойлау дағдысын қалыптастыру. Өзін-өзі реттеуді. Өз бетімен ізденуге және топпен жұмыс жасауға үйренеді. | | |
| Күтілетін нәтиже | Сыни тұрғыдан ойлау арқылы еркін сөйлейді, өз ойларын ортаға салады Қанша? неше? сұрау есімдерінің мағанасын түсінінеді. Сыни тұрғыдан ойлау дағдысы қалыптасады. Өзін-өзі реттеуді үйренеді. Өз бетімен ізденуге және топпен жұмыс жасауға үйренеді. | | |
| Сілтеме | Қазақ тілі 3-сынып «Атамұра» 2014ж. А. Қайырбекова. Қазақ тілі әдістемесі. «Атамұра» 2014ж. Қосымша материалдар. | | |
| Көрнекілігі | Интерактивті тақта, маркер, қағаздар, компьютер. | | |
| Сабақтың кезеңдері | Мұғалімнің іс — әрекеті | Әдістер мен тәсілдер | Оқушының іс — әрекеті |
| 1. Ұйымдас тыру 3 мин | Ұйымдастыру кезеңінде оқушыларға психологиялық ахуал туғызу. Әріптермен топқа бөлу. | Жайлы атмосфера қалыптастыру | Шаттық шеңберін құрып бір-біріне сәттілік тілейді. Топқа бөлінеді. |
| 2. 2 мин | Сұрақ- жауап | Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер | Жауап береді. |
| 3. Білімдерін тексеру .(Білу) 10 мин | Кім? не? Қандай? Қалай нені? Қашан ? не істеді? Қанша? нешінші? сұрақтарға жауап беретін сұрақтар қойылады. | Ой қозғау | « Ыстық орындық » стартегиясымен жауап береді. |
| Қызығушы лық ояту 2 мин | Суретпен жұмыс.« Сынып заттары». Әр топ ой бөліседі . | Миға шабуыл | Сурет бойынша сынып заттары туралы аңгімелейді. Қандай? неше? нешінші?сұрағына жауап береді. |

| | | | |
|--------------------------------------|--|------------------------------------|---|
| <p>4. Жаңа сабақ (Түсіну) 10 мин</p> | <p>Сабақтың мақсатын қою. Сабақтың тақырыбы, өткізілетін материал туралы түсінік беру.</p> <p>Нені оқимыз? Бүгін ауа райы қалай? сынып заттарына нелер жатады? сынып деген не? Сынып заттары не үшін қажет? қандай болу керек? екендігін оқимыз. Қандай? Қашан? қайда? неге? нешінші? кімдер? кім? қайда? негізінде тапсырмалар орындаймыз.</p> <p>Нені үйренеміз? Жаңа сөздерді сөздерді пайдаланып сөз тіркесін, сөйлем құрауды, сөйлесуді, диалогты рөлге бөліп оқуды үйренеміз. Сан есімдер туралы түсінігімізді кеңейтеміз. (Зерттеушілік оқыту)</p> <p>Ситуациялық сұрақ. Біз адам болу үшін неге ұмтылуымыз керек?</p> <p>1. Жаңа сөздермен таныстыру. жүгіру – бег, бегать. жақсы көремін – люблю. тоқта – стой. Сөздерді мұғалім оқиды. Мұғалім сөздік бойынша сөздің орысшасын айтып, допты бір оқушыға лақтырады. Осылай барлық сөздермен жұмыс жасайды. Көп сөз меңгерген оқушы алғыр атанады.</p> <p>Ә) Тақтаға бір оқушы шығып, жаңа сөздерді қазақ тілінде жазып тұрады, ал сол сөздің аудармасын дұрыс тапқан оқушы тақтаға келіп, аудармасын жазады</p> <p>1-тапсырма. Сурет бойынша жұмыспен таныстыру. Қысқынды ойлау қабілетіне берілген сурет бойынша жұмыс жасап, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Терезе. Орындық. Үстел. Тақта. Есік. Парта.</p> <p>2-тапсырма. Өтіліп жатқан тақырып негізінде сұрақ – жауап жұмысын сыныптағы барлық оқушылармен жүргізу. Тапсырманы жеке жұмыс ретінде де өткізеді.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>— Бұл – сынып.</p> <p>— Сыныпта нелер бар? —</p> <p>Сыныпта үстел, парта, тақта бар.</p> <p>— Мынау не?</p> <p>— Бұл – парта.</p> <p>— Сыныпта неше парта бар? — Тоғыз парта бар.</p> <p>— Сен нешінші партада отырсың? — Мен екінші партада отырамын.</p> <p>3 – тапсырма. Орыс тілінде берілген сан есім туралы ережені оқушыларға ана тіліне аударып түсіндіру. Еселтік және реттік сан есімдердің айырмашылығын сұрақтары арқылы жете меңгерту. Оқушылардың өздеріне ауызша және жазбаша мысалдар айтқызу, жазғызу.</p> <p>Сан есім (Имя числительное). Сан есім обозначает количество предметов, порядок предметов при счёте и отвечает на вопросы неше? Қанша? (сколько) нешінші? (который?). Например: Бес (неше?) сынып, екі (қанша?) терезе, үшінші (который?) қабат.</p> <p>4 – тапсырма. Тақырып бойынша тапсырмада берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін құрату. Тапсырманы жазылым әрекетімен бекіту.</p> <p>5-тапсырма. «Сөйлеп үйрен» айдарымен берілген тапсырманы жеке жұмыс түрінде бастау. Сыныптағы оқушылардың барлығын тақырып бойынша сөйлету. Тапсырманы жазу әрекетімен ұштастыру. I және II жақта сөйлеу үлгілерін меңгерту. Сауатты сөйлем құрап үйренуге берілген тапсырманы жұптық жұмыс ретінде де орындату.</p> <p>Бұл парта ма? Бұл үстел ме? Бұл орындық па? Бұл терезе ме? Бұл есік пе?</p> | <p>Қалай оқу керектігін үйрену</p> | <p>Сабақ тақырыбын табады, айтады. Мысалдар келтіреді. Сыныптағы заттарды атап айтады.</p> <p>Мұқият тыңдайды, қойылған сұрақтарға жауап береді. Сан есімнің сұрақтарына мысалдар келтіреді. Сан есім ережесін айтады. Дөптерлеріне жазады.</p> <p>Біз алған білімімізді күнделікті өмірде қолдана білу.</p> <p>1. Сөздерді қайталап айтады. Жаттығады. Сөздің мағанасын түсіндіреді</p> <p>Допты жауап беріп мұғалімге лақтырады. Келесі оқушы сөздікті аударып допты келесі, оқушыға береді.</p> <p>жаңа сөздерді қазақ тілінде жазып тұрады, сөздің аудармасын дұрыс тапқан оқушыны топ мүшелері мадақтайды.</p> <p>1. Сурет бойынша жұмыс жасайды. Терезе. Орындық. Үстел. Тақта. Есік. Парта. сөздерін айтып жаттығады сөйлем құрастырып айтады.</p> <p>2. Сұраққа жауап береді. Сан есім сұрақтарын сандарға қояды.</p> <p>3. Ережені аударды. Сан есімді түсінеді. Реттік сан есімнің айырмашылығын дәлелдейді. Реттік сан есімнің жалғауларын біледі, айтады. Мысалдар келтіреді. Қойылған сұрақтарға жауап береді.</p> <p>4. Дөптерге жазады. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрап айтады. Мысалы: Біздің сынып жақсы.</p> <p>5. Тақырып бойынша сөйлейді. Сынып заттары туралы әңгімелеп айтады. Тапсырманы орындайды. Эссе жазады. I және II жақта сөйлейді. Жеке жұмыс жасайды. Бұл парта ма? Бұл үстел ме? Бұл орындық па? Бұл терезе ме? Бұл есік пе? Жауап береді.</p> |
|--------------------------------------|--|------------------------------------|---|

| | | | |
|--|---|---|---|
| Сергіту сәті 2 мин | Тербеледі ағаштар, Жел алдымнан еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үлкен болып өседі. | | Жаттығу жасап көңілдері көтеріліп сабаққа ынталары артады. |
| 6. Пысықтау (Талдау) 5 мин | 6-тапсырма.Тапсырмада берілген бұйрықты сөйлемдермен жұмыс жасау.Практикалық жұмыс жасату. | АКТ оқыту әдісі | Топтық жұмыс.Бұйрықты аударарды, сұрақ қояды және жауап береді. Бірін -бірі бағалайды. Дәптерлеріне жазады. Практикалық жұмыс жасайды. |
| 7.Қорытынды лау (Жинақтау) 15 мин | Топ мүшелері постерге сабақтан не түсінгендерін түсіреді.Сынып заттары деген не? | Диалог тік оқыту әдісі | Постерге түсіреді. Топ болып жұмыс жасайды.Топ басшылары постерді қорғайды. Сұраққа жауап береді. |
| Үйге тапсырма 2 мин | 181бет 1- тап | | Күнделіктеріне жазады. |
| 8.Бағалау. 1 мин | 1.Өзін-өзі бағалады. 2.Бағдаршам арқылы. Қызыл- мүлдем сенімсіз Сары — сенімсіздеу Жасыл — түсінікті | Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. | Қорыту өз жұмыстарына баға беру.Бағалау парақшаларымен бірін-бірі бағалайды. |
| Рефлексия (Кері байланыс) 2 мин | Табыс ағашын отырғызайық. «Қызыл алма» — маған сабақ ұнады. «Сары алма»- маған сабақ ұнамады, тақырыпты түсінбедім. | | Стикерлер арқылы пікірлерін білдіреді. |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.